

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Ө.ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Ө.Жәнібеков атындағы

Оңтүстік Қазақстан

педагогикалық университетінің

Басқарма төрағасы – Ректордың

уақытша міндетін атқарушы

Г.Д.Сугирбаева

«10» 05 2024 ж.



6B01 Педагогикалық ғылымдар

6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімін даярлау

**6B01401 – «Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау» білім беру
бағдарламасы бойынша оқуға түсуге арналған шығармашылық
емтиханының ережесі**

Емтихан №1 «Спорт түрлері бойынша нормативтер»

«Бастапқы әскери дайындық және дене
шынықтыру» кафедрасының мәжілісінде
қарастырылған

Хаттама № 10 «22» 05 2024 ж.

Шымкент – 2024 ж.

1. НОРМАТИВТІК БАЗА

1. «Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілерін өткізу қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1545 қаулысы;

2. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы;

3. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы;

4. «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығы;

5. Жаңартылған мазмұн бойынша жалпы орта білім деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша типтік оқу жоспары (әлеуметтік-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математикалық бағыт) Білім және ғылым министрінің бұйрығына 206-қосымша Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 шілдедегі №352

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Бірыңғай шығармашылық емтихандарды (бұдан әрі - БШЕ) өткізудің осы Ережелері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді.

2. БШЕ білім беру бағдарламасының бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

3. БШЕ-ге талапкерлердің өтініштерін қабылдау олардың таңдаған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі ЖЖОКБҰ) орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

4. БШЕ жүргізу нысаны мен нәтижелерін бағалау осы Ережелерге сәйкес анықталады.

5. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Басқарма төрағасы - Ректор бұйрығымен бекітілетін емтихан комиссиялары құрылады.

6. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізу орны, кеңестер) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

7. БШЕ жалпы орта білім базасында оқуға түсетін талапкерлер үшін 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

8. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан төмен балл алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.

9. Емтихан өткізу кезеңінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихан тапсырушы адамдардың

құқықтарын қорғау мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

10. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Басқарма төрағасы - Ректор бұйрығымен бекітіледі.

11. Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған талапкер апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оны бір тәулік ішінде қарайды.

12. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс жасайды. Талапкер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

13. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және комиссияның барлық мүшелері кол койған хаттамамен рәсімделеді.

3. ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

БШЕ екі шығармашылық емтиханнан тұрады, оларды қабылдау барлық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

- бірінші шығармашылық емтихан спорт түрлері бойынша нормативтер;
- екінші шығармашылық емтихан спорт ойындары бойынша;

Ескерту:

- спорттың ойын түрлері бойынша екі жақты командалық ойынды арнайы кешенді жаттығуларды пайдалана отырып, ойын элементтерін жеке орындауға ауыстыру;

Спорт түрлері бойынша емтихан нормативтері мен ережелері:

1. Спорт түрлері бойынша емтихан, ол негізгі дене дайындығының даму деңгейін анықтайды және «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру дайындығының президенттік тестілерін» өткізу талаптарына сәйкес келесі нормативті қамтиды:

- 100 м. жүгіру (ерлер / әйелдер);
- 600 м. жүгіру(әйелдер); 1000 м, жүгіру (ерлер);
- 1 минут ішінде арқада жатып денені көтеру (әйелдер);
- Аспалы кермеде тартылу (ерлер);

1.1 100м, 600м, 1000м жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе старт сызығы мен мәре сызығы белгіленген кез келген тегіс жерде жүргізіледі.

1.2 Аспалы кермеде тартылу. Сынақ аяғымен еденге (жерге) тигізбестен жоғарыдан ұстап тұрып, бастапқы қалыптан орындалады. Жаттығу аспалы кермеден мойнын иекпен асып өтіп, бастапқы қалыпқа оралғанда орындалды деп саналады. Аспалы күйде 5 секундтан артық демалуға (тоқтауға) және тартылуды тербелістен бастауға рұқсат етілмейді.

1.3 Денені көтеру арқада жатып орындалады аяқтар тізелерде 90 градус бұрышта бүгілген, қолдар иықта, аяқтарды серіктес ұстайды.

Шығармашылық емтиханда талапкерлер тапсырған жалпы дене шынықтыру

дайындығы бойынша нормативтер әрбір орындалған норматив бойынша бағаланады және орындалған нормативтер процесінде білім мен дағдылар баллы шығарылады.

2. Спорт түрлері бойынша емтихан нормативтерінің негізін мына талаптар құрайды: БШЕ тиісті спорт базасында және арнайы снарядтарда (спорт залы, стадион) өткізіледі:

- емтиханға қатысуға рұқсатты талапкер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде емтихан комиссиясының мүшесі, емтихан өткізуге тартылған арнайы кезекшілер қамтамасыз етеді;

- емтиханға жіберу үшін талапкерлердің спорттық киімі болуы тиіс;

- емтиханға дәлелді себептермен кешіккен немесе келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініш негізінде емтихан комиссиясы төрағасының рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі және емтиханды өткізіп алудың дәлелді себепін растайтын құжатты ұсынады.

- Спорт түрлері бойынша нормативтердің нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

3. Спорт түрлері бойынша БШЕ-де 5 балдан төмен алған кезде талапкер автоматты түрде келесі емтиханға жіберілмейді;

Емтихан нәтижелері сол күні ЖЖОКБҰ сайтында орналастырылады.

6B01401 – «Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша I - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Спорт түрлері бойынша нормативтер

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер	
			15-13	12-10
1.	100 метр жүгіру	Сек.	13,05-14,0	14,01-15,05
			9-7	15,06-17,00
				17,01 және төмен

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер	
			20-18	17-15
2.	1000 метр жүгіру	Мин, сек	3,40-3,50	3,55-4,10
			14-10	4,15-4,25
				4,50 және төмен

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Ерлер	
			15-13	12-10
3.	Аспалы кермеге тартылу	Рет мөлшері	16-13	12-10
			9-7	9-7
				6 және төмен

Ескерту: ауа-райының қатты ысуына байланысты қабылдау техникалық нормативтер жалпы бекітілген заңнамалық нормативтерден төмендетілді.

40-50 балл - «өте жақсы»

31-39 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

**«Бастапқы әскери дайындық жәек дене шынықтыру»
кафедрасының меңгерушісі:**



Шегенбаев Н.Б.

БВ01401 – «Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша I - шығармашылық емтиханның білім деңгейін бағалау ережесі

Спорт түрлері бойынша нормативтер

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Қыздар		
			15-13	12-10	9-7
1.	100 метр жүгіру	Сек.	15,05-15,08	16,10-16,09	16,10-18,0
					18,01 және төмен

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Қыздар		
			20-18	17-15	14-10
2.	600 метр жүгіру	Мин, сек	1,5 - 2,0	2,05 - 2,20	2,25 - 2,40
					2,45 және төмен

№	Сынақ түрі	Өлшем бірлігі	Қыздар		
			15-13	12-10	9-7
3.	Арқамен жатып кеудені көтеру	Бір минутта	55-50	49-45	44-35
					34 және төмен

Ескерту: ауа-райының қатты ысуына байланысты қабылдау техникалық нормативтер жалпы бекітілген заңнамалық нормативтерден төмендетілді.

40-50 балл - «өте жақсы»

31-39 балл - «жақсы»

20-30 балл - «қанағаттандырарлық»

0-19 балл - «қанағаттандырарлық емес»

«Бастапқы әскери дайындық жәек дене шынықтыру» кафедрасының меңгерушісі:

Шегенбаев Н.Б.